

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

Жобалық жабылымға байланысты өнімділікті (шикізат қорының тығыздығын) анықтау әдістемесі

Орындаған: Тұрғынбаева Ж

Тобы: ФА12 003-2 қ

Тексерген: Абдрахман А

Кіріспе

- **Жобалық жабылым деп өсімдіктің жер беті бөлімдерінің топырақ бетіндегі проекциялық ауданын айтады. Бұл әдіспен өнімділікті анықтау бойлары аласа немесе жатаған, мысалы итбүлдірген, аюқұлақ, жебір сияқты өсімдіктермен жұмыс істеген жағдайда ыңғайлы.**

Бұл әдіспен өнімділікті анықтау үшін екі шаманы анықтау қажет:

- қопа көлемінде зерттеуге алынған түрлердің орташа жобалық жабылымы;
- 1 % жобалық жабылымнан алынатын шикізат массасы (1 % жобалық жабылымның «бағасы» деп те атайды).
- Жобалық жабылым бойынша өнімділікті анықтау ең көп еңбекті қажет ететін, дегенмен ең нақты әдіс.


Жобалық жабылымды өлшеу жұмыстары әр түрлі тәсілдермен іске асады:

- Көз мөлшермен;
- Раменский торының көмегімен;
- Тор-квадрат көменгімен.

- Көз мөлшермен анықтау кезінде зерттеуге алынған өсімдіктің 100%-деп алынған ортақ ауданға проекциялық (жапырақтар мен бұтақтар арасындағы бос орындарды алып тастағандағы) қатынасы анықталады.


- Сынақ алаңдарын неғұрлым кіші бөліктерге бөлу арқылы жобалық жабылымды есепке алудың нақтылығы анағұрлым жоғарылатуға болады. Әрбір кіші квадраттағы жабылым жеке есептелінеді, содан кейін орташа шамасы анықталады. Осы мақсатта Раменский торы қолданылады. Раменский торы тікбұрышты форма, оның іші пішіндері 2×5 немесе $3 \times 7,5$ см тор көздерге бөлінген. Тікбұрыштың ішіндегі тор көздерді ақ жіптің немесе жіңішке сымның көмегімен әрқайсысы 1 немесе 1,5 см² болатын 10 квадрат көзге бөледі

Раменный торы



- Осындай торлы көзден өсімдік жамылғысын қарау арқылы неше тор көз өсімдік проекциясына, нешеуі өсімдігі жоқ топырақ бетіне келетіндігі анықталады. Проекциялар мен бос көздерді ойша тордың бір бұрышына жинақтайды. Жабылымды қайталай есептеулер сынау алаңдарының әр жерінде жүргізіп, осы көрсеткіштің орта шамасын неғұрлым нақтылықпен алады. Жобалық жабылымды анықтауда арнайы жасалған градацияның көмегі зор.

- Раменский торы арқылы өсімдік жамылғысының жобалық жабылымының градациялау эталоны (%-бен)



- Тор-квадратты қолдану тіпті ресурстанушылық жұмыста тәжірибесі аз зерттеушілерге де қанағаттанарлық нәтиже береді. 1% жабылымның «бағасын» анықтау үшін әрбір алаңның 1 дм² ауданынан шикізаттық өсімдікті кесіп алып өлшейді, сонымен 1% жобалық жабылымның «бағасын» ($M \pm m$) анықтайды да, 1% жобалық жабылымның орта статистикалық мәнін табады.

- Бұл шама әрбір өсімдік жамылғысында және түрлі экологиялық жағдайларда әр түрлі болып келеді, сол себепті осы әдіс көмегімен 1% жобалық жабылым «бағасын» зерттеуге алынған әрбір қопада анықтау керек. Өнімділікті орташа жобалық жабылымды $(M \pm m)$ 1%-дық жобалық жабылымның «бағасына» $(M_1 \pm m_1)$ көбейту жолымен, модельді даналармен жұмыстағы формуламен есептейді.

- Жобалық жабылымның шамасын бағалау тек өнімділікті анықтау үшін ғана қажет емес, оны қопаның жалпы сипаттамасы үшін де қажет. Жобалық жабылымды анықтаудың ең қарапайым, бірақ ең нақты емес әдісі – көз мөлшермен анықтау. Оны әрбір сынақ алаңында, сынақ алаңның үстінен қарап, зерттеуге алынған өсімдіктің жер беті бөлімдері алаңның қандай бөлігін алып жатқандығын шамалап бағалайды. Бірақ, бұл әдісті тек тәжірибесі мол зерттеушілер ғана қолдана алады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Абдуллина С.А. Список сосудистых растений Казахстана. – Алматы, 1990. – 187 с.
2. Атлас ареалов и ресурсов лекарственных растений Казахстана. / Под ред. М.К. Кукунова. – Алматы, 1994. – 168 с.
3. Байтенов М.С. Флора Казахстана. – Алматы, 2001. Т.». 280 с.
4. Байтулин И.О., Котухов Ю.А., Сеницына В.Г. Народные лекарственные растений Восточного Казахстана // Известия АН КазССР. Сер.биол. №3, 1988. – С. 3-8.